



Аида Балаева Қонаевта жаңа Конституция жобасын талқылауға қатысты

Қонаев қаласының Мәдениет үйінде жаңа Конституция жобасы мен 15 наурызға жоспарланған республикалық референдумға арналған мазмұнды кездесу өтті. «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы ұйымдастырған жиынға Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева төрағалық етті. Басқосуға Мәжіліс депутаттары Мақсат Толықбай, Жанарбек Әшімжанов, Сергей Пономарев, сондай-ақ қоғамдық институттар, әлеуметтік қолдау саласының өкілдері, білім беру мамандары, жастар ұйымдары мен өңір белсенділері қатысты.



Кездесу барысында жаңа Конституция жобасының мазмұны, оны әзірлеу барысы және құжатта ұсынылған негізгі өзгерістер жан-жақты талқыланды. Жиын ашық форматта өтті, қатысушылар өз пікірлерін айтып, сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды.

Аида Балаева өз сөзінде ұсынылып отырған құжаттың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейту және елдің ұзақмерзімді, тұрақты дамуына берік негіз қалыптастыру екенін

атап өтті. Оның айтуынша, жаңа Конституция жобасында мемлекеттің даму бағыты мен қоғам сүйенетін құндылықтар нақты айқындалған.

Министр Преамбулаға ерекше тоқталды. Онда адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары басымдығы ретінде алғаш рет нақты белгіленіп отыр. Бұл өзгеріс мемлекеттік саясаттың мазмұнын айқындайды. Яғни мемлекет ең алдымен азаматқа қызмет етуі тиіс деген қағидат негізгі заңның өзегіне айналады.

Сонымен қатар құжатта бірлік, ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің берік негізі ретінде бекітілген. Көпэтносты және көпконфессиялы өңір үшін бұл нормалардың маңызы ерекше екені айтылды.

Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев жаңа Конституция жобасын дайындау жұмыстары бірнеше кезеңнен тұрғанын баяндады. Оның айтуынша, жұмыс өткен жылдың қыркүйегінде басталып, қарашадан бастап парламенттік комиссия қарауына ұсынылған. Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның 12 отырысы өткен. Жалпы алғанда 130-ға жуық заңгер-ғалымдар, депутаттар, фракция жетекшілері мен сарапшылар қатысқан. Барлық талқылау ашық форматта ұйымдастырылып, ұсыныстар ескерілген. Ұсынылып отырған түзетулер мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға, саяси жауапкершілікті күшейтуге және билік тармақтарының өзара тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталғаны атап өтілді.

Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай Конституцияның қоғам өміріндегі рөліне тоқталды. Оның айтуынша, Ата заң – әр азаматтың өмір сапасына тікелей әсер ететін құжат. Сондықтан ол уақыт талабына сай болуы керек. 1995 жылы қабылданған Конституция өз кезеңінде маңызды рөл атқарды, алайда бүгінгі әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістер жаңа көзқарасты талап етеді. Жаңа жобада білім, ғылым және инновациялардың негізгі құндылық ретінде айқындалуы – соның дәлелі. Депутат жастардың интеллектуалдық әлеуетін ашу, сапалы білімге қолжетімділікті арттыру және кәсіби дамуға жағдай жасау мемлекеттің стратегиялық міндеті екенін айтты.

Жанарбек Әшімжанов өз сөзінде ұсынылған құжатты жан-жақты әрі мұқият зерделеудің маңызын атап өтті. Оның пікірінше, әрбір азамат референдумға саналы түрде қатысып, өз таңдауын жауапкершілікпен жасауы тиіс.

Жиында қоғамдық институттар өкілдері де пікір білдірді. «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ басқарма төрағасы Жұлдызай Ысқақова жаңа Конституцияда отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған нормаларға тоқталды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының төрағасы Ләззат Шыңғысбаева құжаттың әлеуметтік бағытын атап өтіп, халықтың әл-ауқатын арттыруға қатысты тетіктердің маңызын айтты. Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Болат Тілепов білім мен ғылымның елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөліне назар аударды.

Кездесу соңында қатысушылар алдағы республикалық референдумға белсенді қатысу – елді жаңғырту жолындағы маңызды қадам екенін атап өтті. Жаңа Конституция жобасы қоғам сұранысына жауап беретін, азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтетін және мемлекеттің даму бағытын айқындайтын стратегиялық құжат ретінде бағаланды.

Шолпан ҚАРАЕВА



ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ВИЦЕ-МИНИСТР ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫН АЙТТЫ

54 миллион мемлекеттік қызмет бір жылда көрсетілді. 5,4 миллион адам алаяқтардан қорғану үшін несиеден ерікті түрде бас тарту тетігін қосты. Ал қызметтердің 92 пайызы қазір онлайн форматта қолжетімді. Қонаевта өткен кездесуде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің вице-министрі Д.У. Мусалиев осы көрсеткіштерді келтіріп, елдегі цифрлық өзгерістердің ауқымын нақты сандармен сипаттады.

Жиын Мемлекет басшысы жариялаған 2026 жыл – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы дайындық жұмыстарына арналды. Министрлік өкілдерінің мәліметінше, бүгінде цифрлық реформалар кезең-кезеңімен іске асырылып, нақты нәтижелер беріп отыр.

Министрліктің дерегіне сәйкес, мемлекеттік қызметтердің 95,9 пайызы смартфон арқылы көрсетіледі. Яғни анықтама алу, жәрдемақы рәсімдеу немесе тіркеу қызметтері үшін мекемеге бару қажеттілігі біртіндеп азайып келеді. 2025 жылы көрсетілген 54 миллион қызметтің басым бөлігі проактивті форматта ұсынылған. Ведомство түсіндіргендей, бұл азамат өтініш бермей-ақ, жүйе тиісті

қызметті автоматты түрде рәсімдейді дегенді білдіреді.

Кездесу барысында eGov Mobile қосымшасының мүмкіндіктері таныстырылды. Министрлік мәліметінше, QR-қолтаңба, биометриялық сәйкестендіру және цифрлық құжаттар сервистері мемлекеттік қызмет алудың негізгі құралдарына айналған. Сонымен қатар «Әлеуметтік әмиян» қызметі арқылы әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктерді алу тәртібі түсіндірілді. Бұл сервис азаматтарға тиесілі қолдау шараларын жедел рәсімдеуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне де ерекше назар аударылды. Министрліктің ақпаратына сәйкес, «Банктік несиелерді, микрокредиттерді алудан ерікті бас тарту» функциясын бүгінге дейін 5,4 миллионнан астам азамат пайдаланған. Аталған тетік қаржылық алаяқтық төуекелдерін төмендетуге бағытталған.

Өңірдегі инфрақұрылымдық жобалар туралы айта келе, ведомство «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамту жұмыстары жалғасып жатқанын хабарлады. 4G



және 5G желілерін кеңейту шаралары цифрлық сервистердің сапасын арттыруға негіз болады.

Сондай-ақ министрлік өкілдері жасанды интеллект экожүйесін дамытуға бағытталған Tomorrow School, AI Sana және AI Qyzmet бағдарламаларын таныстырды. 2025 жылы қабылданған «Жасанды интеллект туралы» Заң технологияларды қауіпсіз әрі жауапты дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастырғаны атап өтілді.

Кездесу қорытындысында Smart City, қоғамдық қауіпсіздік, цифрлық медицина және өңірдің цифрлық инфрақұрылымын дамытуға қатысты жобалар ұсынылды. Іс-шара ашық форматта өтіп, тұрғындар өз сұрақтарын қойды.

Аян ҚОНАРОВ

МИР БЕЗ ВРАЧЕЙ ПРЕДСТАВИТЬ НЕВОЗМОЖНО...

На Земле нет такого человека, который бы ни разу не обращался к врачу, и потому я не устаю повторять, что мир без врачей представить просто невозможно. Много тёплых слов я говорила в адрес нашего главного врача Ракишевой Айман Галимжановны, её заместителей Онгаровой Айсулу Набатовны и Кайрата Николаевича Имангалиева, талантливых врачей Ким Евгения Александровича, Нам Ларисы Валентиновны, Сарсеновой Зубайры Байтурсыновны и других врачей и медицинских сестричек – тех, кто в трудный час дарил нам бесконечную доброту и терпение, вселял веру в исцеление.

Хочется сказать и об Александре Степановне Хильченко – скромном враче-офтальмологе нашего города. Я знаю её уже более 13 лет, и очень хочется поблагодарить её за бесконечную доброту и терпение, за то, что ей можно смело доверять как врачу и как человеку, ибо она со своей доброй душой находит подход к каждому.



Быть врачом-офтальмологом – это её призвание. Но она ещё и замечательный человек – добрый, отзывчивый и умеющий сострадать людям, а без этих качеств врач не может быть настоящим врачом.

Родилась Александра в 1950 году в Полтавской области на Украине. Училась в начальной школе на украинском языке, а в 1958 году родители переехали в Казахстан и работали в геологии – увлекло их тогда мощное движение по освоению целины. Саша окончила школу и медицинское училище в городе Каражал. Затем семья переехала в Илийский район, в село Николаевка, где Александра начала свою трудовую деятельность процедурной, а затем операционной сестрой под руководством замечательного главного врача Бунина М.А.. Её трудолюбие и высокий профессионализм вскоре были оценены, и Александра, имея красный диплом медучилища, получила направление от Облздрава в медицинский институт, по окончании которого она, молодой врач, получила направление в Илийскую районную больницу окулистом. Ей, как молодому специалисту, выделили благоустроенную квартиру в Капчагае. Здесь, в Капчагайской городской больнице, Александра Степановна проработала до самой пенсии, а это многого стоит...

За годы своей трудовой деятельности она всегда была членом в осенней призывной комиссии, а в 1982 году организовала специализированный детский сад для лечения слабовидящих детей, чем удалось снизить детскую инвалидность по зрению.

Но жизнь наша пишет свои (порой необдуманные) законы. Я помню тот период, когда стремительно начали сокращать детские сады и сдавать в аренду освободившиеся здания. Сократили и этот (такой нужный!) специализированный детсад А.С. Хильченко. Сколько боли, сколько бессонных ночей пережила тогда Александра Степановна! Время ушло, всё необдуманное кануло в Лету, но рубцы на сердце врача остались навсегда...

Быть врачом – это призвание А.С.Хильченко.. И она, эта скромная женщина, талантливый врач с



горячим сердцем, не смогла сидеть дома без любимой работы, без общения с людьми, и она, выйдя на пенсию, открыла офтальмологический кабинет в частной клинике врача-стоматолога Бекторганова, расположенной в 3 микрорайоне теперь уже города Конаев, где продолжает трудиться во имя людей, которых умеет жалеть, жалеть по-матерински... И искренние слова благодарности не устают повторять люди в адрес Александры Степановны Хильченко за её отзывчивость, врачебную этику и профессионализм. Спасибо Вам, Александра Степановна! От всего сердца желаю Вам крепкого здоровья, семейного счастья и долголетия! Успехов Вам в Вашем таком нелёгком труде!

Телефон клиники: 4-60-54. .
Добро пожаловать!

Альбина ЛАВРОВА

ПРОФИЛАКТИКА ТУБЕРКУЛЕЗА СПАСАЕТ ЖИЗНИ

Туберкулез – инфекционное заболевание, вызываемое бактериями, которое чаще всего поражает легкие. Болезнь передается воздушно-капельным путем – при кашле, чихании или отхаркивании человека, больного туберкулезом.

По оценкам специалистов, бактериями туберкулеза инфицирована примерно четверть населения мира. Однако активная форма заболевания развивается не у всех. Риск того, что у инфицированного человека появятся симптомы и разовьется болезнь, составляет около 5–10%.

Туберкулез возникает в результате размножения бактерий в организме и может поражать не только легкие, но и другие органы. Нередко симптомы остаются слабо выраженными в течение нескольких месяцев. В этот период человек может не подозревать о заболевании и заражать окружающих. В отдельных случаях болезнь протекает бессимптомно.

К основным симптомам относятся длительный кашель (более двух–трех недель), боль в грудной клетке, общая слабость, повышенная утомляемость, снижение массы тела, ночная потливость, повышение температуры тела и общее недомогание.

Чтобы предотвратить заражение и распространение туберкулеза, необходимо соблюдать меры профилактики. При появлении таких симптомов, как длительный кашель, лихорадка и необъяснимая потеря веса, важно своевременно обратиться за медицинской помощью. Ранняя диагностика и лечение позволяют остановить распространение инфекции и значительно повышают шансы на выздоровление.



Людам, проходящим лечение от туберкулеза, следует строго соблюдать правила гигиены при кашле: носить медицинскую маску, прикрывать рот и нос при кашле или чихании, ограничивать тесные контакты с окружающими, правильно утилизировать использованные салфетки и мокроту.

В медицинских и других учреждениях особое значение имеют противоэпидемические меры – ис-

пользование респираторов, регулярное проветривание и эффективная вентиляция помещений.

Своевременное обращение к врачу и ответственное отношение к своему здоровью – важные условия профилактики туберкулеза.

Н.О.МЕДЕТОВ,
Руководитель управления
УСЭК города Конаев



ЖАҢА КӘРІЗ-ТАЗАРТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Облыс орталығы Қонаев қаласында ондаған жылдардан бері шешімін таппай келе жатқан өзекті және күрделі мәселелердің бірі – кәріз-тазарту станциясы еді. Ол 1968 жылы пайдалануға берілгендіктен одан тарайтын жағымсыз иіс қолқаны қауып, айналаға жайсыз жағдай тудырып келді. Басты себебі, станцияның 90 пайыздан астамы, ал ұзындығы 172 шақырым кәріз желілерінің 80 пайыздан астамының тозығының жетуі. Осынау қордаланған күрделі мәселені түбегейлі шешу үшін жаңа кәріз-тазарту жүйесінің құрылысын салу басталды.

«Алматы облысы Қонаев қаласындағы кәріздік тазарту құрылыстарының құрылысы» - өңірдің стратегиялық экологиялық жобаларының бірі болып табылады. Аталған нысан қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға және инженерлік инфрақұрылымды заманауи талаптарға сай дамытуға бағытталған.

Құрылысқа тапсырыс беруші-Алматы облысының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы. Жоба мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында жүзеге аспақ. Әріптес компания – «Daur Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Нысанның құрылысы 2027 жылдың қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

«Бұл қала тұрғындарының көптен күткен жобасы болатын. Кәріз жүйесін жаңадан салу мәселесі 2010 жылы анықталған еді. 2015 жылы Үкімет тарапынан техникалық-экономикалық негіздері дайындалып, Беларусь технологиясы қолданылып салынатындығы анықталған еді. 2016 жылы ол мемлекеттік сараптамадан өтіп, жалпы құны 5,6 млрд. теңге болған. Кейін Қазақстан бойынша кәріз тазарту жүйелерінің құрылыстарын салуға 7 жылға марапторий жарияланып, ол жеті жылға созылды. Екі арада құжаттама ескіріп, елімізде қаражат тапшылығы туындады.

Кәріз-тазарту құрылыстарын қайта құру және құрылысы бойынша жаңа жобалар үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге мораторийдің күші жойылуына байланысты осы нысандарға жаңғырту мен құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлеу жұмыстары қайта жандандырылды. Бұл мәселені шешу үшін қаржыландырудың баламалы көздері талданды, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілімен салу жөнінде облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев конкурсқа қойды.

Конкурсқа қатысып, 2023 жылдың 23 қарашасында ұтып алдық. Жоба жеті жылға арналған. Оның екі жылы құрылыстарын жүргізуге, 5 жылы эксплуатация жасауға келісім-шартқа отырдық. Бүгінгі таңда жоба құны – 33 млрд. 159 млн теңгені құрап отыр. Жоба әдістемесі бойынша 20 пайызын біздің компания, 20 пайызын мемлекет, қалған 60 пайызын банктерден

кредит алып отырмыз. Жоба қымбат деп айтып жатыр. Оны естіп те жатырмыз. Қымбат болуының басты себебі, станция ескі орнынан 18,5 шақырым қашықтыққа орналасады. Оған 2 желілік кәріз, электр, газ жүйелерінің желілерін тартуға жоба бойынша 12,8 млрд. теңге қарастырылған.

Жаңа кәріз-тазарту жүйесі 215 гектар аумақта салынады. Оның қуаттылығы тәулігіне 25 мың текше метрден астам суды сүзгіден өткізуге мүмкіндік береді. Су жинақтайтын 156 гектар аумағындағы тоғандарда қыстай 5,5 млн текше метр тазаланған су толтырылғаннан кейін, оны ауыл шаруашылығына пайдалану жоспарланып отыр. Яғни жоңышқа, күнбағыс, басқа да дақылдарды өсіруге мүмкіндік бермек, – деді жоба жетекшісі Бағлан Тәнекенов.

Жобаның құрылыс кезеңінде техникалық қадағалау қызметін «Veritas Engineering» ЖШС жүзеге асырады. Компания тарапынан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы, жобалық-сметалық құжаттамаға толық сәйкестігі және қолданыстағы құрылыс нормалары мен техникалық талаптардың сақталуына компания директоры Асхат Оралбекұлы, техникалық директор Жарас Нұрмағамбетов, техникалық қадағалау инженерлері Нұрсұлтан Шахарбеков, Асқарбек Тлеубаев, Ағзам Ибраев жауап береді.

«Біздің басты мақсатымыз-сапалы әрі қауіпсіз құрылыс мәдениетін қалыптастыру. Әрбір жобада біз жауапкершілік пен кәсіби бақылауды бірінші орынға қоямыз», – дейді компания директоры Асхат Оралбекұлы. «Veritas Engineering» ЖШС-і құрылыс саласында сапа, жауапкершілік және кәсіби бақылау қағидаттарын ұстанатын, өңірдің инфрақұрылымдық дамуына үлес қосып келе жатқан инженерлік компанияның бірі екендігін айта кеткеніміз жөн.

Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов жобаға тапсырыс беруші «Daur Capital», бас мердігер «Infra Qurylys», жобалаушы мекеме «TENGRI PROJECT», техникалық қадағалау «Veritas Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшыларымен құрылыс басында алда атқарылатын жұмыс жөнінде пікір алмасып, еңбектеріне табыс тіледі.

**Зарыққан
ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ,
Қонаев қаласы**

ӘДЕП КОДЕКСІ ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ – КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕГІЗІ

Тұтас бір қоғамда тіршілік етіп отырған соң ондағы қарапайым адамдар белгілі бір әдепке сай қарым-қатынас жасайтыны белгілі. Ал, күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі уәждеріне құлақ асып, олардың мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау басты міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген.

Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтегі және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрыстарының жаңа стандартын түзді.

Негізінен мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақы-

тынан бос уақыттарында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті.

Демек қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын адал, кез-келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны жөн.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірінде де аңдап басып, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны абзал.

Олардың күнделікті міндеті қарапайым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек, мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліктілікпен қатар адамгершілік қасиеттер де ауадай қажет.

Қалай десекте, мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмір салты тиісті заң талаптарына толық сай болғаны дұрыс.

Демек, Әдеп кодексі бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметшінің жеке бет бейнесін көрсететін айна екенін ұмытпауымыз қажет.

Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс, ал қоғам мемлекеттік қызметшіні өз күш-жігерін, білімін және атқарып отырған кәсіби қызметіндегі тәжірибесін сала отырып, адал өз Отанына – Қазақстан Республикасына қызмет ететіндігіне сенуі қажет.

**Мадияр Болатұлы ИСЕБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Алматы облысы бойынша
департамент басшысының
орынбасары және Әдеп жөніндегі
кеңес хатшылығының төрағасы**

«Бөбегім менің – өлеңім менің»: Жырмен өрілген тағылым



«2026 - Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» аясында көркем әдебиетті насихаттау мақсатында Алматы облыстық әдістемелік орталығының қолдауымен, «Парасатты оқырман» жобасы аясында оқуға ұсынылған 100 кітаптың ішінен Қазақстанның халық жазушысы, ақын Мариям Хакімжанованың шығармалары таңдалып, студенттер арасында «Бөбегім менің –

өлеңім менің» атты поэзия кеші өтті.

Қазақ поэзиясының мөлдір бұлағындай саф лирикасымен, аналық мейірімге толы жүрек үнімен дараланған ақын – Мариям Хакімжанова. Оның жырлары – нәзік сезім мен терең ойдың, ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтардың көркем тоғысы. Осы асыл мұраны ұлықтау мақсатында өткен «Бөбегім менің – өлеңім менің» атты әде-

би кеш рухани мазмұнымен ерекшеленді. Кеш барысында студенттер ақын өмірі мен шығармашылығына тоқталып, сыршыл өлеңдерін тебірене оқып, поэзия өлеміне терең бойлады. Жыр жолдары жүректерге жылу ұялатып, әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттырды. Іс-шарада білім алушылар «Жарқын бейне» бейнеролигі арқылы ақынның өмірімен, шығармашылық жолымен

танысты. Бұл бейнеролик студенттерге ақын шығармашылығының көркем бейнесін жанды түрде көрсетуге мүмкіндік берді.

Шараның қадірлі қонақтары – ақындар Ізтілеу Тойшыбайұлы мен Берік Шәріпұлы – кештің мазмұнын байытып, тағылымды ойларымен бөлісті. Олар Мариям Хакімжанова поэзиясының тәрбиелік маңызын, оның ұлттық әдебиеттегі орны мен рухани салмағын айрықша атап өтті. Кештің ерекше әсерлі сәттерінің бірі – қонақ ақындардың өз шығармашылығынан сыр шертуі болды. Олар қазақ руханиятының алып тұлғалары – Жамбыл Жабаев пен Ыбырай Алтынсаринге арнаған өз өлеңдерін тебіреніспен оқып берді. Бұл жырлардан ел тарихына тағзым, ұлт рухына деген адалдық, ағартушылық пен жыраулық дәстүрге деген құрмет айқын сезілді. Осылайша, кеш барысында поэзия өткен мен бүгінді жалғасқан алтын көпірге айналды.

Мариям Хакімжанованың: «Бөбегім менің – өлеңім менің, жүрегімнің тереңінен өрілген жыр», – деген мағыналы жолдары әдеби кештің рухани өзегін айқындағандай болды. Бұл сөздер ақынның өлеңге деген шексіз сүйіспеншілігін, поэзияны өмірінің мәні деп таныған биік болмысын аңғартады.

Кеш соңында ақындарға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды. Колледж оқытушылары Усенбаева А.О. мен Боранбаева А.Б. ұйымдастыруымен өткен поэзия кеші студенттерге шығармашылық шабыт беріп, қазақ поэзиясының баға жетпес мұрасын насихаттауға үлкен мүмкіндік жасады.

**Алтынкүл Орынбасаровна
УСЕНБАЕВА,
Қонаев қаласының
кепсалалы колледжі**

Қалалық кітапханада ерекше балаларға арналған арт-терапия өтті

2026 жылдың 20 ақпан күні Қонаев қалалық кітапханасының балалар бөлімінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Кітап пен сурет үндестігі» арт-терапия жобасы аясында «Әлем аналармен әдемі» атты ерекше шара ұйымдастырылды.

Шараның басты мақсаты – ерекше балалардың эмоционалдық жағдайын жақсарту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың ішкі жан дүниесін кітап пен сурет арқылы ашуға мүмкіндік беру. Сонымен қатар топтық жұмыстар арқылы балалар арасында достық қарым-қатынас орнату, әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету және кітапхана мен ерекше балалар арасындағы байланысты нығайту көзделді.

Іс-шараға арнайы қонақ ретінде «Күндізгі болу орталығы» оңалту орталығы мен «Мейірім» күндізгі күтім орталығының ерекше балалары және олардың нұсқаушылары шақырылды.



Кездесу кітапханаға экскурсия жасаудан басталды. Балалар кітапхана қорындағы мазмұнды, көркем безендірілген кітаптармен танысып, ана тақырыбындағы әдебиеттерге ерекше қызығушылық танытты. Осы орайда ананың мейірімі мен қамқорлығын дәріптейтін шығармалардан құралған кітап көрмесі ұсынылды. Экскурсия мен кітап көрмесін балалар бөлімінің кітапханашысы Нұрпейіс Толғанай таныстырды.

Келесі бөлімде балалар үшін ашық әрі еркін шығармашылық алаңы ұйымдастырылды. Түрлі түсті қағаздар мен қажетті құрал-жабдықтар ұсынылып, әр бала өз қиялындағы аппликациялық жұмыстарын орындады. Қағаз майлықтардан гүл жасап, оларды акварель бояуларымен әрлеп, түрлі түсті қағаздан әсем гүл шоқтарын құрастырды. «Әлем аналармен әдемі»



тақырыбында орындалған әрбір жұмыс балалардың аналарға деген шексіз сүйіспеншілігі мен алғысын айқын көрсетті.

Арт-терапия барысында балалардың жүзінен қуаныш пен шабыт анық байқалды. Кітапханашылар мен еңбек терапиясының нұсқаушылары әр баланың еңбегін қолдап, жылы лебіздерін білдірді. Бұл олардың өз-өзіне деген сенімін арттырып, жағымды эмоциялық орта қалыптастыруға ықпал етті. Қатысушылар арасында достық қарым-қатынас орнап, өзара қолдау мен түсіністік атмосферасы сезілді.

Шара соңында Қонаев қалалық кітапханасының директоры Ақтанова Айгүл Бегімбайқызы қатысушыларға естелік сыйлықтар табыстап, балалар мен нұсқаушыларды алғыс хаттармен марапаттады.

Аталған іс-шара мерекелік көңіл күй сыйлап қана қоймай, ерекше балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және олардың қоғамға бейімделуіне оң әсерін тигізді. Осындай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**Айна Базарханқызы
СЕКЕРБЕКОВА,
Балалар бөлімінің меңгерушісі**





Бір сыныптың бастамасы бірнеше отбасыға қуаныш сыйлады

2026 жылдың 24 ақпанында Қонаев қаласындағы орта мектеп-гимназияның 2 «д» сынып оқушылары қасиетті Рамазан айына орай қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

Сыныптағы 29 оқушы ата-аналарының қолдауымен күнделікті тұрмысқа қажетті азық-түлік пен тұрмыстық заттарды жинады. Ұн, қант, шай, макарон өнімдері, күнбағыс майы, түрлі жармалар мен тазалық құралдары секілді ең қажетті дүниелер қысқа уақыт ішінде жиналып, арнайы қораптарға реттелді. Балалардың көпшілігі ата-аналарымен бірге дүкенге барып, көмектің нақты қандай болуы керектігін ойланып, өздері таңдап әкелген.

Сынып жетекшісі Фариза Бақытжанқызының айтуынша, бұл шараның басты мақсаты – оқушылардың бойына қайырымдылық пен жауапкершілік сезімін сіңіру. «Рамазан айы – тек ораза ұстайтын уақыт қана емес, мұқтаж жандарға қол ұшын беретін ерекше кезең. Балалар осыны жүрегімен түсінсе деген ниет болды. Олар бұл іске үлкен ықыласпен қатысты», – дейді ұстаз.

Жиналған көмек мектеп әкімшілігіне табысталды. Мектеп басшылығы оқу орнындағы көпбалалы және табысы төмен отбасылардың тізімін жасап, қажеттіліктеріне қарай үлестірді.

Ата-аналар да бұл игі бастаманың тәрбиелік мәніне айрықша тоқталды. Олардың пікірінше, бала санасына мейірімділік пен жанашырлық ұғымдарын сіңіру үшін құрғақ насихат жеткіліксіз – оны іс жүзінде көрсетудің әсері әлдеқайда басым. Осындай ортақ қайырымдылық шарасына қатысу арқылы оқушылар өзара қолдау, бірлік пен жауапкершіліктің маңызын тереңірек сезінді. Жақсылық жасаудың қуанышын жүрекпен ұғынған бала үшін бұл тәжірибе өмірлік сабаққа айналды.

Осы орайда қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастыруға белсенді атсалысқан ата-аналардың бірі – Тұралы Гүлжахан Рәтқызының еңбегін ерекше атап өткен орынды. Ізгілікті істің бастауында болып, дайындық және үйлестіру жұмыстарының жоғары деңгейде өтуіне ұйытқы болған оның жанашырлығы мен жауапкершілігі ұстаздар қауымы мен ата-аналар тарапынан жоғары бағаланды.

Қасиетті айда жасалған әрбір игі іс – сауапты амал. 2 «д» сынып оқушыларының бұл бастамасы – үлкен жүректен шыққан кішкентай қадам. Мұндай игі шаралар қоғамда мейірім мен өзара қолдаудың артуына жол ашары сөзсіз.

Ерлік КЕБЕКБАЙ

Қапшағай ГЭС ұжымы референдумды қолдайтынын мәлімдеді

Алматы облысындағы Қапшағай гидроэлектр станциясының ұжымы алдағы республикалық референдумға қолдау білдірді. Бұл туралы «Amanat» партиясының баспасөз қызметі хабарлады.

Партия өкілдері мен «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» коалициясының мүшелері стратегиялық маңызы бар нысанда болып, кәсіпорын қызметкерлерімен кездесу өткізген. Жиында 15 наурызға белгіленген республикалық референдумға шығарылатын Конституциялық өзгерістер түсіндірілді.

Талқылау барысында билік тармақтарының теңгерімін нығайту, Президент өкілеттілігінің бір реттік жеті жылдық мерзімін енгізу және Конституциялық Соттың рөлін күшейту мәселелері қозғалды. Коалиция мүшесі Рада Трыкалюк ұсынған түзетулердің институционалдық сипатына тоқталып, олардың басқару жүйесін тұлғаларға емес, тұрақты құқықтық қағидаттарға негіздеуге бағытталғанын айтты.

Кездесу барысында станция қызметкерлері пікір білдіріп, референдумға белсенді қатысуға дайын екендерін жеткізді. Ұжым өкілдері елдің құқықтық негізін нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдайтындарын атап өтті.

Айта кетейік, 1970 жылы пайдалануға берілген Қапшағай гидроэлектр станциясы еліміздің энергетикалық жүйесіндегі стратегиялық нысандардың бірі саналады. Станция Алматы өңірін электр энергиясымен қамтамасыз етіп, су қоймасының қалыптасуына және аймақтың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етіп келеді.

Алдағы уақытта өңір кәсіпорындарында референдумға қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғаспақ.

ЖИ және кітапхана

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Жасанды интеллект жылы» деп жариялауына орай, қалалық кітапханада кітап пен заманауи технологияны ұштастырған мазмұнды шара ұйымдастырылды. «Кітап оқып, комикс жаса!» тақырыбында өткен шеберлік сағаты қалалық кітапхананың балалар бөлімінде, кітапхананың «FabLab» жобасы аясында өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқыған шығармасын заманауи технологиялар арқылы шығармашылық тұрғыда дамыту және жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін таныстыру болды. Шараға кітапхана оқырмандары – балалар мен жасөспірімдер қатысты. Шара барысында қатысушылар тек кітап оқып қана қоймай, оқыған шығармалары бойынша ұнаған кейіпкерлерін қазіргі заманғы цифрлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып бейнеледі. Балалар жасанды интеллект пен графикалық бағдарламалардың көмегімен кейіпкерлердің суреттерін жасап, оларды комикс стилінде құрастырып көрді. Бұл өз кезегінде балалардың қиялын дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жасанды интеллекттің кітап оқу үдерісіндегі рөлі, оның шығармашылыққа, білім мен технологияны ұштастырудағы маңызы туралы ақпарат берілді. Балалар үшін бұл шара дәстүрлі кітап пен цифрлық

әлемнің бір-бірін толықтыра алатынын көрсеткен ерекше тәжірибе болды.

Қалалық кітапхананың балалар бөлімінде өткен бұл шара «Жасанды интеллект» жылы аясындағы маңызды мәдени-ағартушылық бастамалардың бірі болып, жас ұрпақтың кітапқа, білімге және жаңа технологияларға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Президентіміздің бастамасымен жарияланған ЖИ жылы аясындағы мұндай іс-шаралар



жастардың ғылым мен білімге деген қызығушылығын арттырып, кітапхана қызметінің заман талабына сай дамуына серпін береді.

Толғанай НҰРПЕЙІС,
Қонаев қаласының
кітапханасының кітапханашысы



ВРЕМЯ ИМЕЕТ ЗНАЧЕНИЕ: КАК СВОЕВРЕМЕННАЯ ДИАГНОСТИКА СПАСЛА ЖЕНЩИНУ ОТ ИНФАРКТА

В городской многопрофильной больнице города Конаев был наглядно продемонстрирован важность быстрой и точной диагностики для спасения жизни пациента.

Женщина 63 лет обратилась в больницу с жалобами на боли в грудной клетке. Казалось бы, симптомы могли указывать на усталость или незначительные проблемы с позвоночником. Однако врач-кардиолог Әмребек Арман Даулетбайұлы заподозрил наличие ишемической болезни сердца.

Это решение оказалось судьбоносным. Ишемическая болезнь сердца - коварное заболевание, которое часто развивается незаметно, а её симптомы легко можно спутать с другими, менее опасными недугами. Важно помнить, что ИБС не всегда проявляется яркими признаками и может долго скрываться под маской легких болей в груди или усталости.

После того как кардиолог направил пациентку на более точное обследование - коронарографию, диагноз был подтверждён. Исследование показало значительное сужение одной из коронарных артерий, что серьёзно угрожало нормальному крово-

бращению и могло привести к инфаркту миокарда. В тот же день было выполнено стентирование, процедура, при которой суженные сосуды расширяются с помощью специального стента, что восстанавливает кровоток и предотвращает инфаркт.

Это вмешательство спасло пациентке жизнь. Она выразила благодарность врачу за оперативность и профессионализм: «Я никогда не думала, что такие боли в груди могут быть признаком серьёзного заболевания. Благодаря внимательности доктора, я прошла все необходимые обследования, и это спасло мою жизнь. Я благодарна за профессионализм и чуткость, которые он проявил.» Отметим, что на платной основе стоимость данной операции было бы более 1,5 млн. тенге.

История пациентки демонстрирует, как своевременная диагностика и профессиональный подход могут сделать разницу между жизнью и смертью. Этим случаем подтверждается важность не только стандартных медицинских процедур, но и клинического мышления врачей, их способности вовремя увидеть тревожные сигналы и направить пациента на дополнительные исследования.

Айна МҰҚАНОВА



В КОНАЕВЕ ОБСУДИЛИ ПРОЕКТ НОВОЙ КОНСТИТУЦИИ И РОЛЬ МОЛОДЁЖИ В РАЗВИТИИ СТРАНЫ

В городе Конаев прошла встреча с молодёжью на тему «Новая Конституция: общественный диалог и роль молодёжи в устойчивом развитии». В мероприятии приняли участие члены Общенациональной коалиции «За Справедливую и Прогрессивную Народную Конституцию Казахстана!» и представители активной молодёжи региона, вовлечённые в общественно-политическую жизнь области.

Как сообщили в пресс-службе акимата Алматинской области, основное внимание в ходе встречи было уделено ключевым положениям проекта новой Конституции, который выносится на республиканский референдум 15 марта. Участники обсудили человекоцентричный характер обновлённого Основного закона, укрепление принципов справедливости и верховенства закона, а также расширение возможностей участия молодёжи в процессах государственного управления.

Открывая мероприятие, депутат Мажилиса Парламента РК, член Общенациональной коалиции Анас Баккожаев отметил, что проект новой Конституции стал результатом широкого общественного запроса и открытого диалога. По его словам, в документе отражены тысячи предложений граждан, а сам текст подготовлен с учётом масштабного общественного участия. Он подчеркнул, что в новой редакции чётко закреплено положение о человеке и его правах как высшей ценности государства, что, по его мнению, создаёт для молодёжи гарантии равных возможностей, справедливой конкуренции и верховенства закона.

Заместитель руководителя региональной коалиции Серик Нуркадыров остановился на стратегических приоритетах проекта. Он отметил, что документ формирует обновлённую модель развития государства с акцентом на человеческий капитал — образование, науку и инновации. По его словам, в проекте закрепляется поддержка качественного образования, профессионального становления и гражданских инициатив молодёжи. Отдельно он



подчеркнул значимость нормы о защите прав в цифровой среде, назвав её своевременным ответом на вызовы современной эпохи.

Члены коалиции Казбек Дауталиев и Сергей Горяной также подчеркнули значение конституционной реформы для укрепления общественного согласия и отметили важность активной гражданской позиции, особенно со стороны молодёжи.

В ходе встречи молодые участники задали вопросы, высказали свои предложения и выразили поддержку проекту новой Конституции. Было отме-

чено, что предстоящий референдум станет важным этапом, определяющим дальнейшее направление развития страны.

По информации пресс-службы акимата Алматинской области, Общенациональная коалиция «За Справедливую и Прогрессивную Народную Конституцию Казахстана!» продолжает информационно-разъяснительную работу в регионах и готова отвечать на вопросы граждан, касающиеся проекта новой Конституции.

Дина АМИРОВА

**Теміржол тарланы
Мұратбай НАҒМЕТОВ:**

“ТЕМІРЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШШЕЙДІ”

Қай мамандықтың болмасын, өз кәсібінің шебері болу үшін әрбір жанның мамандыққа деген жауапкершілігінен бастау алатындығы анық. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған аязында қолайсыз жағдайлардың бел ортасында жүретін теміржолшылардың жұмысы асқан кәсібилікті талап ететіндігі тағы бар.

– Пойыздың қозғалысы уақытпен есептеледі. Уақыттан ауытқымай, межелі жерге көрсетілген мерзімде жету үшін теміржолшылар күндіз-түні тынбай тынымсыз еңбек етуіне тура келеді. Әскери тәртіптей қалыптасқан салаға кей кездері тынымсыз еңбектің аздық ететіндігін теміржолшылар ғана біледі. Теміржол ешқашан әділетсіздікті, арамдықты, қателікті кешпейді. Уақытпен санаспай еңбек етіп, тәуліктің кез келген мезгілінде жұмыс орнынан табылатын бір мамандық иесі болса, онда мен теміржолшыны атар едім, - дейді теміржол ардагері Мұратбай Жетесбайұлы.

Бұрынғы теміржолшы, қазіргі ардагер-теміржолшы Қонаев қаласының байырғы тұрғыны Мұратбай Жетесбайұлы Нағметовтың 40 жылы осы теміржол бойында өтті. 1983 жылы Қапшағай дистанциялық станциясына монтер болып жұмысқа орналасып, 1987 жылға дейін жұмыс істей жүріп тәжірибе жинақтады. Еңбекқорлығымен, тиянақтылығымен көзге түскен оны уақыт өте учаске басшылығы бригадир етіп тағайындайды. 1987 жылдан 1998 жылдары жол шебері, бригадир қызметін абыроймен жалғастырды.

Әр адамда алуан түрлі қасиет, мінез-құлық пен болмыс болады. Міне, осылардың барлығы ізгілік жолында үйлесім тапса ғана адам баласы бірдің емес, жүздің ықыласына бөленері анық. Өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, басқалардан да соны талап ете білетін Мұратбайды дистанция басшылығы оның ашықтығын, жан жадыратар мінезін және кімнің болса да көңілін таба білетін қабілетін ескеріп сенім білдірді. Соның нәтижесінде 2000-2024 жылдары учаске бастығының орынбасары, учаске бастығы болып абыройлы қызмет атқарды.

Теміржол саласына саналы ғұмырын арнаған Мұратбай Нағметов 1961 жылы Өзбекстан КСР-і Қарақалпақстан автономиялы республикасы-



ның Мойнақ қаласында туған. 1978 жылы мектепті бітірісімен еңбекке араласты. Бастапқы кезде балық колхозында киномеханик болып жұмыс істеді. 1980 жылы қалалық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі қызметін атқарып, “Жас қанат” вокальды-аспапты ансамбльге жетекшілік етті. Әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келген соң, Қапшағай қаласына қоныс аударғанда, шырайлы шаһардың байырғы тұрғындарының біріне айналғанына үш ұйықтаса да, түсіне кірмеген еді.

– Монтер болып алғаш жұмысқа кіріскен кезде, темір жол бөлімшесі бастығының орынбасары Асқарбай Ишенғалиев, жол шеберлері Жексенбек Дәулетов пен Дүзелбай Есетовтен үйренгенім мен көңіліме тоқығаным мол болды. Олар тәжірибелі

тәлімгерлер ғана емес, өз істерінің нағыз шебері, сауатты мамандар болатын, - деді әңгімесінде теміржол маманы болып қалыптасуына ықпал етіп, тәжірибелерімен бөліскен тәлімгерлері жайында ыстық ықыласпен еске алып.

Арада талай жыл өтті. Әскери тәртіптегі жұмыс ырғағы шыңдап қана қоймай, әр сағаттың мол жауапкершілік жүктейтіндігін бойына сіңірді. Әріптестері Жол бөлімшесі бастығының орынбасары Қайрат Қапсалматов, учаске бастығы Олжас Шәуқенов, жол шеберлері Санат Қосатаев, Нұртай Шеңгербаев, Құрманғали Берліқұлов, Жанат Тұрыскелдиев, Ержігіт Баймұрат, Марат Берліқұлов, Ермек Шортанбаев, теміржолшылар Сайлаубек Борантаев,

Шаймұхан Абдилдинов, Сұлтанбек Рушанов, Батырбай Абуғазиетармен бірге көп жылдар қоян-қолтық жұмыс істеп, пойыздардың қауіпсіз жұмыс істеулеріне, жолаушылардың діндеген жерлеріне аман-сау жетулері үшін қызмет көрсетті.

– Түсінген адамға темір жол тәулік бойы жұмысқа асқан жауапкершілікпен қарап, тиянақты болуды талап етеді. Осының бәрі айналып келгенде адамға темірдей тәртіпті, еңбекқорлықты, адалдықты ортақ болмысқа айналдырады. Теміржол қызметінде мен осыны түйсіндім, - дейді Мұратбай Жетесбайұлы.

Ол қызмет бабында қай міндеттерді болмасын мынау ауыр немесе жеңіл деп бөлген емес. Орындалуы керек іс пе, орындау міндет деп түсінді. Басқалардан да соны талап етті. Маңдай

тердің арқасында ұжымның құрметіне ие болған Мұратбай Нағметов теміржолда 40 жыл адал еңбек етіп, 2024 жылы Алматы теміржол дистанциясынан зейнетке шықты. Ұзақ жылғы еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі және сіңірген еңбегі үшін «Теміржол саласының үздігі» атанды. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының бірнеше Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мұратбай Жетесбайұлы 2025 жылы Қапшағай желілік теміржолшы ардагерлер ұйымын құрып, оның төрағасы ретінде теміржолшылардың еңбегін жақсарту және тұрмыстық мәселелерінің шешімін табуға көңіл бөлуді басты назарға алып, өмірден жинақтаған бай тәжірибесін қоғамдық жұмыстармен сабақтастыруды мұрат тұтты. Қазір ұйымға 123 ардагер-теміржолшы тіркелген.

– Еңбекқорлық пен берілген тапсырманы бұлжытпай орындап зейнеткерлікке шыққан теміржолшы ардагерлер қашанда құрметке лайықты. «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шартқа байланысты зейнеткерлерге түрлі әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдіктер қарастырылған. Міне, осы жеңілдіктерді Қонаев қаласы аймағындағы теміржолшы ардагерлердің толық пайдалану бағытында Алматы аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Дуан Умаровпен қоян-қолтық, ынтымақтастықта жұмысымды жалғастыра түсудемін, - деді Мүкең алға қойған жоспарларымен бөліскен әңгімесінде.

Мұратбай тарлан теміржолшы ғана емес, сонымен қатар, ұлағатты әке де бола білді. Бұл күнде зайыбы Роза Серакейқызы екеуі Қуаныш, Жұбаныш, Алмат атты ұлдарынан 12 немере сүйіп, солардың қызық-қуанышына бөленіп отырған ата-әже.

**Зарыққан
ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ**

Меншік иесі: «Қапшағай тынысы» ЖШС

Директор: Дәулет ЖОЛДАС

Бас редактор: Назерке ИНАҚЫНОВА

Бас маман: Аян ҚОНАРОВ, +7 707 612 68 90

Заңгер: Адайбек БЕЙІМБЕТОВ

Редакция мекенжайы:

Қонаев қ., 3-шағын аудан, 34 үй, 040800.

Электронды поштамыз: nurliolke@mail.ru

Көлемі 2 баспатабақ.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2023 жыл 3 ақпанда қайта тіркеліп, №KZ87VPY00064035 куәлігі берілген.

- Газет қазақ, орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.
- Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Кейбір мәтінге қатысы жоқ суреттерге жауап берілмейді.
- Газет редакциясы авторлармен хат алыспайды. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды. «Нұрлы өлке» газетінде жарық көрген мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Газет «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шықты.

Алматы обл., Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С.Сейфуллин к-сі 2 «В».
Тел. 8 701 712 01 73.

Таралымы – 5135 дана.